



**Жаратылыстану-математикалық бағыты**  
**«Еңбекті қорғау және өндірістік экология негіздері» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**B271 Мұнай-газ ісі**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Еңбекті қорғаудың заңдылық негіздері.	01	Еңбекті қорғау туралы жалпы түсініктер Еңбекті қорғау пәнінің заңдық негіздері. ҚР Конституциясы, ҚР еңбек заңнамасы. Еңбек қорғау заңдарын бұзған жағдайдағы жауапкершілік. Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбекті қорғау жұмыстарын ұйымдастыру. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулар, олардың алдын алу. Мұнай өндіру өнеркәсібіндегі еңбекті қорғау жұмыстарын ұйымдастыру. Мұнай өндіру өнеркәсібіндегі нұсқау беру жүйесі.	Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігінің құқықтық, нормативтік және ұйымдастырушылық негіздерін біледі, кәсіби қызметтегі зиянды және жарақат алу қауіпі бар факторларды талдай алады.
02	Қауіпсіздік техникасы	02	Қауіпсіздік техникасының маңызы мен міндеттері. Еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін психикалық физиологиялық факторлар. Электр тогымен зақымдану түрлері. Электр жабдықтары мен электр құрылғыларды пайдалану кезіндегі қорғаныс шаралары. Жеке электр қорғаныс құралдары және құрылғылары. Электр тогымен зақымдалу кезіндегі алғашқы көмек.	Өртүрлі технологиялық қондырғылармен жұмыс жасаған кездегі техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін біледі. Жұмыс орнында қауіпсіздік ережесінің сақталуын қадағалай алады. Техника қауіпсіздігін бұзушылықтың алдын алады. Электр қауіпсіздігі

				саласындағы құқықтық, нормативтік және ұйымдастырушылық негіздерін біледі. Еңбек қорғаудың электр қауіпсіздігі саласындағы зиянды және жарақат алу қауіпі бар факторларды талдай алады.
03	Өндірістік санитария	03	Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы туралы жалпы түсініктер. Өндірістік және тұрмыстық бөлмелерге қойылатын талаптар. Өндірістік жарықтандыру және желдету. Өндірістік шу және оны тұрақтандыру. Дірілдің адам ағзасына әсері.	Санитария мен гигиена саласындағы нормаларды біледі. Санитария мен гигиена ережелерін біледі. Санитария мен гигиена нормаларын жұмыста қолдана алады. Кәсіпорында санитариялық және гигиеналық жағдайларды сақтайды.
04	Қолданылатын заттардың зияндылығы және жеке қорғану құралдары.	04	Мұнай және мұнай өнімдерінің, химиялық реагенттердің зияндылығы. Химиялық күй және терінің бүлінуі. Ауадағы зиянды заттардың мүмкін болатын шекті концентрациясы және зиянды заттардың қауіптілік кластары. Улану және күй кезіндегі алғашқы көмекті ұйымдастыру. Жеке қорғаныс құралдары. Тыныс алу, көру және есту органдарын қорғау.	Еңбек қорғау саласындағы құқықтық, нормативтік және ұйымдастырушылық негіздерін біледі. Кәсіби қызмет саласындағы зиянды және жарақат алу қауіпі бар факторларды талдай алады.
05	Өрт қауіпсіздігі негіздері.	05	Жану және жарылу процестері туралы түсінік. Жану түрлері. Заттардың өрт жарылыс қауіптілігінің негізгі көрсеткіштері.	Өрт сөндірудің әдістері туралы түсінікке ие болады.  Өрт қауіпсіздігінің әдістерін, көшіру жоспарын біледі.



				Өрт сөндіру құралдарының жағдайын қадағалайды. Өрт қауіпсіздігінің нормаларын сақтайды.
06	Өндірістегі өрт қауіпсіздігі  Өрт сөндіру құралдары мен құрылғылары.	06	Жарылу, өрт қауіптілігі бойынша өндірісті жүйелеу. Мұнай кәсіпшілігінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы шаралары. Өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар. Сұйық (су), көбік тәрізді, газ тәрізді, ұнтақ тәрізді өрт сөндіру құралдары, олардың сипаттамасы және қолдану объектілері. Өрт сөндірудің алғашқы құралдары. Өрт сөндірудің стационарлық қондырғылары. Өрт сөндірудің автоматты қондырғылары. Өрт сөндірудің қозғалмалы қондырғылары. Өрт байланыс және дабыл беру құралдары. Өрт қауіпсіздігі талаптары.	Өрт қауіпсіздігі саласындағы еңбек қорғаудың құқықтық, нормативтік және ұйымдастырушылық негіздерін біледі. Өрт қауіпсіздігі саласындағы зиянды және жарақат алу қауіпі бар факторларды талдай алады.
07	Өнеркәсіптік экология	07	Қоршаған орта және адам мен қоғамның табиғатқа әсері. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау заңнамалары. Өнеркәсіптің зиянды лақтырыстарынан атмосфераны қоршаған ортаны қорғау. Атмосфераға лақтырылатын өнеркәсіп лақтырыстарымен күресу жолдары. Су қоймаларын өнеркәсіп лақтырыстардан қорғау.	Қазіргі заманғы ғаламдық және аймақтық экологиялық проблемаларды және оны шешудің жолдарын біледі. Экологиялық басқарудың мақсаттары мен міндеттерін біледі. Шаруашылық нысандарына қойылатын экологиялық талаптар мен экологиялық экономиканы біледі. Технологиялық және экологиялық жүйелердің қызмет ету заңдылықтарын қолдана алады. Қоғам мен табиғатта пайда болатын құбылыстар арасындағы байланыстың себеп-салдарын орната алады.

#### **4. Тест мазмұнының сипаттамасы:**

Тест «Еңбекті қорғау және өндірістік экология негіздері» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.
2. Н.Жаданов, Н.Құдайбергенов, Еңбекті қорғау, Астана Фолиант 2010
3. К.Абеннова, Д.Әмірбек, Еңбекті қорғау, Астана Фолиант 2016
4. А.Әбдіров, Ғ.Сейфуллина, Ж.Мустафин Қауіпсіздік техникасы, Астана, 2010

5. Б.Дандыбаев, Қ.М.Қасенов, Л.Б.Дандыбаева, Экология және табиғи ресурстарды өнеркәсіптерді басқару, Алматы 2013
6. Ж.Аманжолов, Охрана труда и техника безопасности, Астана 2007
7. Ж.Аманжолов, Охрана труда и техника безопасности Учебное пособие. 2-ое издание. — Астана: Фолиант, 2011
8. Калыбеков Т., Касенов Б.С. Охрана труда в нефтегазовой отрасли. Часть 1. -Алматы: КБТУ, 2006
9. М.Нуржасарова, Б.Рыскулова, Х.Тургумбаева, Охрана труда, Астана 2010
10. Е.Лаптева, Охрана труда, Астана, Фолиант, 2015

**«КЕЛІСІЛДІ»  
Оқу-әдістемелік  
бірлестігінің төрағасы**



*[Handwritten signature]*  
\_\_\_\_\_

**Мамбетов Қ. Қ.**  
(Т.А.Ә)

\_\_\_\_\_ **202** ж.

*[Handwritten mark]*

*[Handwritten mark]*

*[Handwritten mark]*

*[Handwritten signature]*